

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 233 (9295)

1953

жылғы

24

ноябрь

Сейсенбі

Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Мәдени-ағарту мекемелеріне жергілікті Советтердің басшылығы жақсартылсын

Совет халқының, әсіресе, ауыл-село еңбекшілерінің алдында тұрған бүгін таңдағы ең басты міндет — еліміздің ауыл шаруашылығының барлық салаларын бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде мықтап өркендету, тағуадағы екі-үш жыл ішінде халқымыз үшін азық-түлік, жеңіл және тамақ өнеркәсібі үшін шикізат молшылығын жасау болып саналады.

Социалистік ауыл шаруашылығымызды өркендету жөнінде СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы алға қойған міндеттерді мүлтіксіз орындау жолындағы социалистік жарысты ұйымдастыруда, ауыл шаруашылығы еңбекшілерін Илеу қаулыларын жүзеге асыру күресіне жұмылдыруда колхоздардағы, ауыл-селодағы Советтер жанындағы мәдени-ағарту мекемелері зор роль атқарады. Міне, сондықтан да СОКП Орталық Комитетінің Пленумы өзінің қаулысында бұқара арасындағы коммунистік тәрбие, үгіт-бұқаралық мәдени-ағарту жұмыстарының орталығы болып табылатын деревнядағы мәдени-ағарту мекемелері жұмысының дәрежесін мейлінше көтеруді талап етті.

Облысымызда клуб, оқу үйі немесе қызыл мүйіз жоқ біре-бір колхоз, совхоз және МТС жоқ деуге болады. Олардың көпшілігі өздерінің жұмысын жергілікті партия, совет ұйымдарының көмегі мен басшылығына сүйеніп отырып, ойдағыдай жүргізіп келеді. Ауыл-селодағы Советтер мен жергілікті партия ұйымдары тарапынан жете назар аударылып, жанды басшылық жасалған жерде колхозды ауыл деревнядағы мәдениет ошақтары еңбекшілердің мәдени және рухани тілегін тыңғылықты өтеп отыруда айтарлықтай табыстарға ие болып келеді.

Бірақ, көп реттерде ауыл-селодағы Советтер мәдени-ағарту мекемелерін басқаруға қолынан іс келетін адамдары іріктен алуды және оларға іс үстінде нақтылы басшылық жасап, көмек көрсетіп отыруды екінші кезектегі жұмыс деп қарайды. Сөйтіп, мәдениет ошақтары жұмыс дәрежесінің еңбекшілердің өскелең мәдени тілегінен кейін қалып қойына жол береді. Кейбір ауыл-селодағы Советтер клубтарды, оқу үйлерін, кітапханаларды дер-кезінде қаржыландырып отырмайды. Оларды арнаулы үймен, мебельдермен және басқа қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етпейді. Тіпті кейбір Советтер

хоздар мен МТС-тердің алдында тұрған міндеттерді мүлтіксіз орындау күресінде жұмылдыруда бұл мекемелердің атқаратын ролін жоғары бағалап, олардың жұмысына күнбе-күн жанды басшылық етіп отырған ауыл-селодағы Советтер келіп саналады. Егер Преснов ауданындағы Благовещенка, Копюхов ауданындағы Октябрь, Приземі ауданындағы Владимиров, Ново-Михайловка селолық Советтері жанындағы мәдени-ағарту мекемелері селодағы шын мәніндегі мәдениет орталығына айналып, бұқара арасындағы коммунистік тәрбие жұмыстарының тіректері болып отырса, мұның өзі — аталған Совет басшыларының бұқараның мәдени тілегіне дұлақ асып, мәдени-ағарту мекемелеріне жанды басшылық етіп отыруының нәтижесі.

Демек, ауыл-селодағы Советтер мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына күнбе-күн жете көңіл бөліп, еңбекшілер арасындағы бұқаралық жұмыстарды жақсартуға оқу үйлерінің, кітапханалардың және клубтардың меңгерушілеріне көмек көрсетіп отырулары керек.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы советтік оқу-шаруашылық ғылымның табыстарын, егіншілік, мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы саласындағы тыңдаулы тәжірибелерді ауыл-шаруашылық өндірісіне кеңінен таратуды партия, совет, ауыл-шаруашылық орындарының алдына міндет етіп қойды. Осы тәжірибелерді тарату, еңбекшілер арасындағы бұқаралық жұмыстарды жан-жақты жүргізу ісінде ауыл-селодағы мәдени орталықтары — клубтар, оқу үйлері мен кітапханалар жергілікті партия, совет ұйымдарына едәуір көмек көрсете алатыны сөзсіз. Олай болса, мәдени-ағарту мекемелерінің барлық жұмысы лекциялар оқу, әңгімелер өткізу арқылы ауыл шаруашылығының озық тәжірибелерін кеңінен насихаттауға бағыттала жүргізілуі тиіс.

Ауыл-селодағы мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына алда тұрған міндеттер дәрежесінде ұйымдастыру көбінесе кадрларға байланысты. Жұмыстың бұл саласына қабілетті, білімді адамдар іріктеліп алынуға тиіс. Бірақ, кей реттерде жергілікті Советтер, аудандық мәдениет бөлімдері мен партия ұйымдары бұл мәселеге жеңіл-желп қарап, бұл мекемелерді басқаруға тиісті даярлығы жоқ, кездейсоқ



Лазарь Моисеевич  
КАГАНОВИЧ жолдасқа

Лениннің өсімді шәкірті және Сталиннің серігі — Сіздің жасыңыз алпысқа...

Ауыл шаруашылығы насихатын және ғылым мен алдыңғы қатарлы тәжірибенің табыстарын өндіріске енгізу ісін жете бағаламауға тыйым салынсын, алдыңғы қатарлы тәжірибені кеңінен қолдануды ауыл шаруашылығына басшылық етудің үздіксіз бөлегіне айналдыру қамтамасыз етілсін.

(СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысынан).

## Ауыл шаруашылығы еңбекшілері агро-зоотехникалық біліммен қарулансын

### Менің сабақ өткізудегі тәжірибем

Мен Совет ауданы, Ленин атындағы колхозда агротехникалық топта үшінші жыл оқыйтын тыңдаушылармен сабақ өткіземін. Мұнда егіс бригадасының бригадирлері, звено басшылары, колхозшылар оқыйды. Топ жұмысты расписания бойынша істейді. Сабақ жетісіне бір рет болады. Ол таңертеңгі сағат 12-д басталады. Түсеті тамаққа бір сағат уақыт беріледі. Сабақ кешкі 6 сағат 30 минутке дейін өткізіледі. Тыңдаушылар сабаққа мерзімінде түгел қатысады.

Мен әрбір сабаққа тиісті оқулықтар бойынша дайындалып, тыңдаушыларға жүйелі білім беруге тырысамын. Жасалған конспектте сабақ кезінде тоқталатын басты мәселелер белгіленеді. Өсімдіктердің тамыры, сабағы, жапырағы және түсінің құрылыстары туралы өткізілетін сабақтарға плакаттар мен таблицалар пайдаланылады. Тыңдаушылардың сабақ үстінде көңілі отырып, сабаққа белсене қатынасуының ерекше маңызы бар. Сондықтан жекелеген тыңдаушылардың мінез-құлқын, өзгешелік жақтары еске алуға керекті анық фактілер табуға тиісті уақытында сұрақтар беруге баса көңіл аударған жөн.

Топта сабақ өткен материалдарды қайталаудан басталады. Әрине, қайталаудың бірнеше түрі бар. Жиірек қолданылатын әдіс — оқытушы мен тыңдаушылар арасындағы әңгіме. Ең әуелі сабақ басталмастан бұрын, тыңдаушылардың өткен материалдарды қалай меңгеріп алғандары анықталады. Бұған бір не екі сағаттай уақыт өтеді. Содан кейін жаңа материал түсіндіріледі. Оны әсерлі ету үшін тыңдаушыларға өте түсінікті, қарапайым тілде сөйлеймін.

Сабақ уақытында тек оқулықтан, конспектіден ғана оқып берудің тыңдаушыларды жалықтыратын қолайсыз әдіс екенін еске алып, оған өз ісімде жол бермеймін. Жаңа материалдарды түсіндіргеннен соң, оны есте қалдыру үшін тыңдаушылармен қызу әңгімеге кірісемін. Кейбір теориялық өте маңызды мәселелер сабақ үстінде практикамен тығыз байланыстырыла өткізіледі. Бұдан кейін тыңдаушылар үйге тапсырма алып, сабақ аяқ-

лығы салаларының өркендеу жолдарын көрсететін эволюциялар бар. Топ тыңдаушылары өздерінің алған теориялық білімдерін колхоз өндірісіндегі күнбе-күнгі жұмыстарда шебер қолданулары арқасында жыл сайын дақылдардың барлық түрінен мол өнім алып, мал шаруашылығының табысын арттырып, техника қуатын сарқа пайдаланып, қорнекті табыстарға ие болып келеді.

Алайда, біздің жұмысымыздың бұдан да зор табысты болуына керісінше әсерін тигізетін әлеуметтік кемшіліктердің өлі күнге дейін орын алып келе жатқандығын жаңыруға болмайды. Бұған тыңдаушылардың оқулықтардың жеткіліксіздігі айқын әлеумет. Мұның өзі жалпы білімі түрліне тыңдаушылардың үйге берілген тапсырмаларды ойдағыдай орындауларына, материалдарды жете меңгерулеріне қиындық туғызады.

Екінші бір басты кемшілік — колхоз басқармасы оқу үйінде дер кезінде пеш тағылып, жылытылуына көңіл бөлмейді. Сондықтан да тыңдаушылар сабақта сырт әлемдерімен отыруға мәжбүр болып жүр. Жол сыяқты, колхоз басқармасы оқуға қажетті құралдарды: журналдар, дәптер, арындар сатып алып, тыңдаушыларды қамтамасыз ету ісіне назар аудармай отыр.

Үш жылдық агротехникалық оқу ауыл шаруашылығы еңбекшілеріне өзінің шығымдылығын арттыру, мал шаруашылығы өнімін молайту, бай техника қуатын сарқанды пайдалану жолындағы күресте табысқа жетулеріне көмектеседі. Егін және мал шаруашылықтарынан мол өнім алушылар қатарын көбейтіп, жаңашылдарды батыл қолдан, ауыл шаруашылығы салаларына ғылым жетістіктері мен озық әдістерді тезінен енгізіп отырудың пешуші маңызы бар. Колхоздың ірі және күрделі механикаландырылған шаруашылығы колхозшылардың ғылым негіздерін меңгерулерін талап етеді.

Біз өз жұмысымызда партия мен ұқмет ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің алдына қойып отырған талаптарға сәйкес жүргізіп, колхозшыларды ғылыммен қаруландыруға жетісулі басты міндетіміз деп санаймыз.



мәдени мекемелердің үйлерін басқа шаруашылық мақсаттарға пайдалануға жол береді.

Совет ауданындағы Көктерек, Каганович ауыл-селолық Советтерінің жанындағы оқу үйлерінің жұмысын мысалға алайық. Бұларда мәдени-ағарту жұмыстары тынақты жүргізілмейді. Олардың жұмыс істегенінен жабық тұрғаны көп кездеседі. Бір сөзбен айтқанда, аталған оқу үйлері өздерінің жұмысын СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумы еңбекшілердің өскелең мәдени тілегін тыңғылықты өтеу жөнінде алға қойған міндеттер дәрежесінде ұйымдастыра алмай отыр. Ал ауыл-селолық Совет басшылары бұл кемшіліктерді көре-біле тұрса да, оқу үйлерінің жұмысын бүгінгі күннің талабына сәйкес шұғыл жақсартудың нақтылы шараларын қарастырмай келеді. Осы аудандағы «Победа» колхозындағы клуб астық қоймасына айналдырылған.

Ауыл-село еңбекшілерінің мәдени және рухани тілегін тыңғылықты өтеу ісі Конохов, Октябрь, Ленин аудандарының бірқатар ауыл-селоларында қанағаттанғысыз болып келеді. Конохов ауданындағы Воскресенск селолық Советіне қарасты колхоздарда мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысы мүлде қанағаттанғысыз жүргізіліп келеді де, селолық Совет председателі Лиханов жолдас ауыл-селодағы мәдени-ағарту жұмысының сапасын жақсарту жөнінде селолық Советтің мәжілістерінде мәселе қарап, бұл жөнінде тиісті шара қолдануды естен шығарып жүр.

Бұл фактілерден облысымыздың барлық ауыл-селолық Советтері мәдени-ағарту мәселесімен жете шұғылданбай отыр деген ұтым тумады. Рас, бізде бұқараны қол-

адамдарды жөіре салады. Бұл сияқты кемшіліктерге бұдан былай жол берілмейтін болуы керек. Жергілікті Советтер мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлерін жиі-жиі ауыстыра беру сияқты жағрамыс әдеттен арылып, олардың қызметкерлерін партиялық принциппен іріктел алу, орналастыру ісін мейлінше жақсартуға тиіс.

Ауыл-селодағы мәдениет мекемелерінің жұмысын жақсарту, еңбекшілердің мәдени және рухани тілектерін тыңғылықты өтеу жөнінде өздерінің мәжілістерінде жиі-жиі мәселелер қарап, бұл жөнінде қабылданған қарарлардың мүлтіксіз орындалуы қамтамасыз ету — жергілікті Советтердің басты міндеттерінің бірі.

Бастауыш партия ұйымдары мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына бақылауды мейлінше күшейтіп, колхоз және ауыл-селолық Совет басшыларынан бұл мекемелердің бірқалып жұмыс істеуіне қажетті жағдай туғызуды қалты талап етулері керек.

Бүкіл совет халқы сияқты облысымыздың еңбекшілері де сентябрь Пленумы алға қойған міндеттерді орындау үшін жұмылуы. Көзір мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінен барлық мүмкіншілікті еңбекшілердің мәдени дәрежесін көтеру, олардың саналылығын арттыру мақсатына жұмылдыру талап етіледі. Жергілікті Советтер, олардың депутаттары мен активтері оқу үйлерінің, клубтардың, кітапханалардың жұмысының жайымен күнбе-күн танысып, біліп отыру арқылы еңбекшілердің мәдени тілегіне сай жұмыс істеу, мәдени-ағарту жұмыстарын идеялық-саяси жоғары дәрежеде жүргізу үшін оларға тиісті көмек көрсетіп отыратын болулары керек.

Оған мұн Совет Одағы коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Одағы Министрлер Советі Сізді қызу құттықтайды.

Совет халқы Коммунистік партия мен Совет мемлекетін көрнекті ұйымдастырушылар мен құрушылардың бірі болған Сіздің еңбегіңізді жоғары бағалайды.

Партиялық және мемлекеттік жұмыстардың барлық қызмет орындарында Сіз, өзінше дән жігермен барлық күш-қайратыңызды және біліміңізді ССРО-да коммунизм құрылысы ісіне жұмсап келесіз.

Біздің досымыз және жолдасмыз, біздің қымбатты Лазарь Моисеевич, социалистік Отанымыздың халықтары игілігіне, коммунизм игілігіне ұзақ жылдар өмір сүріп, бұдан былай да жемісті еңбек етуіңізді шын жүректен тілейміз.

**Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті** **ССР Одағы Министрлер Советі**

## Л. М. Каганович жолдасты Ленин орденімен наградтау туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының УКАЗЫ

ССР О Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары Л. М. Каганович туғанына алтыс жыл толуымен байланысты және оның Коммунистік партия мен совет халқы алдында сіңірген көрнекті еңбектері ескеріліп, Лазарь Моисеевич Каганович Ленин орденімен наградталсын.

ССР О Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**  
ССР О Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**

Москва, Кремль  
21 ноябрь, 1953 жыл.

## Академик А. М. Терпигоревті Ленин орденімен наградтау туралы ССРО жоғарғы советі президиумының указы

Ғылым саласындағы аса көрнекті еңбегі ескеріліп, туғанына сексен жыл толуына байланысты академик Александр Митрофанович Терпигорев Ленин орденімен наградталсын.

ССР О Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**  
ССР О Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**

Москва, Кремль  
20 ноябрь, 1953 жыл.

## Москвада Артиллерия күніне арналған салтанатты мәжіліс

21 ноябрьде, Москвада, Совет Армиясының Орталық үйінде ССРО Қорғаныс министрінің партия, совет, қоғам ұйымдарының және өнеркәсіп қызметкерлерінің өкілдерімен басқосқан, Артиллерия күніне арналған салтанатты мәжілісі болды.

Мәжілісте артиллерия генерал-полковни-

гі Совет Одағының Батыры В. И. Казakov Артиллерия күні туралы баяндама жасады.

Салтанатты мәжілістен кейін Ю. Чепуриннің «Көктемгі тасқын» спектаклі көрсетілді.

(СОТА).

## Совет артиллериясы күні құрметіне

22 ноябрьде Москваның еңбекшілері мен астана гарнизоны бөлімдерінің жауынгерлері Артиллерия күнін салтанатты түрде атап өтті. Кәсіпорындарында, әскери бөлімдерде, әскери оқу орындарында отандық артиллерияның даңқты тарихы туралы баяндамалар, лекциялар мен әңгімелер өткізілді. Ұлы Отан соғысына қатынасқан Совет Одағының Батырларымен кездесулер ұйымдастырылды.

Клубтар мен офицерлер үйлерінде «Ленин 1918 жылы», «Сталинградтағы шайқас», «Берлиннің құлауы», «Эльбадағы шездесу», «Таудағы застава» және басқа кинофильмдер көрсетілді.

(СОТА).

талады. Колхоз басқармасы бізді қолайлы үймен қамтамасыз етті. Онда жеткілікті ет, орындықтар, плакаттар, колхоз шаруашы-

## Олқылықтан арылу керек

Өткен жылы Булаев ауданында колхозшылардың өндірістен қол үзбей оқыйтын ұшжылдық агро-зоотехникалық оқуы ұйымдастыруға жете көңіл бөлінбеді. Колхозшылар оқуға түгел қатыспады, белгіленген күндері сабақ өткізілмеді, өткізілген сабақтардың сапасы төмен болды. Жекелеген колхоздарда бұл маңызды іс мүлде ұйымдастырылмады. Мұның ақыры аудан бойынша оқу жылының ойдағыдай аяқталмауына, оқу программасының толық меңгерілмеуіне әкеліп соқты.

Өткен жылы болған кемшіліктерден быйып қорытынды шығарылуға тиіс еді. Бірақ, ол кемшіліктер быйыл да орын теуіп отыр. Бірқатар колхоздарда агро-зоотехникалық оқуға басшылық етуге және сабақ өткізуге бекітілген мамандар бұл жұмысқа неміқұрайды қарап, тиісті мән бермей келеді. Мәселен, «Победа» колхозындағы агрономиялық курске оқытушылыққа тағайындалған участоктік агроном Кереев жолдас өлі күнге дейін бір рет те сабақ өткізген емес. Ол күрете сабақ беруді ойлайтын көрінбейді. Осы колхозда зоотехникалық күрете оқытушы болып есептелетін зоотехник Исин жолдас өз міндетіне мүлдем жауапсыз қарайды. Оның колхозға келмегеніне айдан артық уақыт өтті.

Стаханов атындағы колхозда сабақ өткізуге белгіленген участоктік зоотехник Чебанок жолдас та өзіне тапсырылған міндетті орындауды өсінен шығарған. Тіпті ол күрете кімдер оқытынын да білмейді. Карл Маркс атындағы колхозда да істің жайы мақтарлық емес.

Колхоздарда агро-зоотехникалық оқудың ұйымдастырылмай отырғандығы Калинин МТС-нің директоры Елкин жолдасқа әбден белгілі. Бірақ, ол бұл жұмыстың колхоздарда ойдағыдай жүргізілуіне МТС тарапынан ешқандай көмек көрсетпей отыр.

Булаев МТС-нің қамтуындағы Ленин атындағы колхозда оқу өлі күнге дейін басталмаған. Бұл колхозда оқудың жақсы өткізілуіне қажетті жағдайдың бәрі бар. Мәселен, участоктік агроном Жұнысов жолдас осы колхозда тұрады. Оқу бастал-

Агроном Г. ФИНЬКО, Совет ауданы, Ленин атындағы колхоздағы агротехникалық топтың оқытушысы.

ғаны біржарым ай өтсе де бұл маңызды іс қолға алынған жоқ. Аталған колхозда МТС-тің аға агрономы Писарков жолдас болды. Алайда, ол жағдайды жақсарту жөнінде ешбір шара қолданбады.

«Страна Советов» колхозы Булаев МТС-мен бір елді пунктте. Солай болса тұрса да, бұл колхоз агро-зоотехникалық оқу жөнінде төгісіз артта қалып келеді. Осы колхоздың агрономы Дуреев жолдас «колхозшылар жыйналмайды» деген сылтаумен сабақ жүргізуді тоқтатып қойған. Мұнда зоотехникалық оқу да ұйымдастырылмады.

Булаев МТС-нің директоры Лепехин және аға агроном Писарков жолдасар колхозшылардың оқуының нашар ұйымдастырылғанын біле тұрса да «шыдамдық жасап» оны жақсартуға ешбір шара қолданбай отыр.

Агро-зоотехникалық оқуға мән бермеу аудан совхоздарында да орын таппен. Мәселен, Совет астық совхозында осы жөнінде өткен жылғы ойсыраған олқылықтардан тиісті қорытынды жасалмаған. Совхоздың № 2 бөлімшесінен басқа жерлерінде оқу мүлде жүргізілмейді. Ал, Ұзынкөл совхозының бір бөлімшесінде де оқу басталмай отыр. Совхоз директоры Темірбеков жолдас жұмысшылардың оқуына жете мән бермей келеді.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысында егіншілік мәдениетін арттырып, барлық дақылдардан тұрақты әрі мол өнім алу, мал шаруашылығын жедел қарқынмен өркендету, картоп, өсімдік егістерінің көлемдерін ұлғайтып, түсімін арттыру шаралары белгіленді.

Олай болса, колхоз, МТС, аудан басшылары ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің ұшжылдық агро-зоотехникалық оқуларына жете мән беріп, бұл жөнінде орын теуіп келген кемшіліктерді шұғыл жоюға, оқуға егіншілер мен малшыларды түгел қатыстыруға, өткізілетін сабақтардың сапасын жақсартуға жетісулері керек.

**Б. ЖАҚЫПОВ,**  
**БУЛАЕВО (Ө. тілшіміз).**

## Сабақ үлгілі ұйымдастырылған

Приешім ауданы, «Бостандық» ауыл-шаруашылық артелінде колхозшылардың ұшжылдық агро-зоотехникалық оқуы бүгінгі талаптарға сай, ойдағыдай жүргізілуде. Мұнда жаңа оқу жылы өткен жылға қарағанда анағұрлым ұйымшылдықпен басталды. Күрете тыңдаушылар саны көбейіп, олардың сабақ үлгеруіне ынталылығы арта түскен. Тыңдаушылар арасында озат сауыншылар, жылқышылар, бригадирлер бар. Оқуды тәжірибелі агроном Н. Кудея жолдас басқарады. Ол тыңдаушылардың сабаққа үзбей қатысуларына, өткен материалдарды толық меңгерулеріне жете көңіл бөліп, қалағалап отырады.

Көптеген тыңдаушылар өткен жылы күрете алған теориялық білімін іс жүзінде қолданып, жоғары көрсеткіштерге ие болды. Мәселен, сауыншы К. Оспанова

жолдас быйыл қарамағындағы әрбір сауын сыйырдан сүт алу жоспарын асыра орындады. Күрестің тыңдаушысы, жылқышы Г. Құсайынов жолдас 50 биеден 50 құлын алып, оларды аман өсіріп келеді. Тыңдаушылар М. Қудайбергенов, А. Құрманғалиев жолдасар да мал шаруашылығын өркендету жолында ғылым табыстары мен озат тәжірибелі шебер қолданулары арқасында келелі табыстарға жетіп жүр.

Артельде быйылғы жылы тыңдаушылардың сабақты сапалы үлгерулеріне керекті жағдайдың бәрі де жасалып отыр. Олар жақсы үй, кітап, қағаз, қарындаш, плакаттармен толық қамтамасыз етілген. Тыңдаушылар сабақтың алғашқы күндерінен бастап-ақ өткізілетін әрбір материалды зейін сала тыңдап, үйге берілген тапсырмаларды деркезінде орындап келеді.



# ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

# Республикалық байқауға жүріп кетті

## Ауыл шаруашылығындағы кемшіліктер батыл жойылсын

### Преснов аудандық XIV партия конференциясы

21—22 ноябрьде өткен Преснов аудандық XIV партия конференциясы аудандық партия комитетінің есебін тыңдап, талқылады.

— Есеп беріп отырған мерзім ішінде, — деді баяндамашы аудандық партия комитетінің секретары Долженко жолдас, — ауыл партия ұйымы партияның XIX съезінің, СОБП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қарарларын жүзеге асыру жолында бірқатар жұмыстар істеді. Аудан еңбекшілері партиямыздың саясатын қызу қолдап, халық үшін азық-түлік, жеңіл және тамақ өнеркәсібі үшін шикізат молшылығын жасау жолындағы күреске белсене қатысуда.

Алайда, біздің жұмысымыз әлі де болса бүгін таңдағы талаптарға жауап бермейді. Аудан колхоздары жылы сайын өсіп-өсетін жоспарлы өнім ала алмай келеді.

Ауданда мал шаруашылығының жайы мүлдем қанағаттанғысыз. Көп колхоздар малдың басын көбейту және өнімін арттыру жөніндегі жоспарды орындамайды.

МТС-тердің бай техникасы өнімді пайдаланып отыр. Сондықтан да аудандағы МТС-тердің бірде-бірі трактор жұмыстарының бірқатарын мерзімінде орындамайды.

Долженко жолдас баяндамасында партиялық ұйымдық және партиялық саяси жұмыстың жайына көп көңіл бөлді. Бірақ, партия насихаты мен саяси үгіттің жайы цифрлардың тізбегімен баяндалды.

Делегаттар аудандық комитеттің есебін талқылауға белсене қатысты. Олар сыма мен өзара сынды кенінен өрістете отырып, оның жұмысындағы кемшіліктерді бегін батыл ашты, сентябрь Пленумы қойған міндеттерді жүзеге асыруға бағалы ұсыныстар жасады.

— Берік құнары жемшөп базасы, — деді Преснов совхозының директоры Ларин жолдас, — мал шаруашылығының өнімділігін арттырудың негізі. Мұны біз өз шаруашылығымыздың тәжірибесінен анық көріп отырмыз. Совхоз 1940 жылға қарағанда, картоп пен омыс, малазынды қызылша өсіріп—2,5 есе, көпжылдық шөптер өсіріп 3,3 есе арттырды. Мұның өзі малдың өнімділігін шұғыл арттыруға мүмкіндік берді.

— Облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасының МТС-тер басқармасы, — деді Майбалық МТС-нің директоры Валд жолдас, — өзінің жұмысын сентябрь Пленумының қаулысына сәйкес қайта құруда баяулық жасап отыр. Мұны фактімен дәлелдейік. Басқарма бізге 3 зоотехник, 3 малдәрігерлік техник жіберуін орнына үш-ақ адам жіберді. Облыстық басқарманың қаржы босатпауы себепті жаңа келген адамдарға еңбекақы төлей алмай отырмыз. Осы сыяқты, жөндеу жұмысындағы механизмдерге де жаңа форма бойынша еңбекақы төленбей келеді. Бұл жөнінде Баян МТС-і партия ұйымының секретары Барыс жолдас та айтып

кейбір колхоздардың мемлекетке тапсыратын ет есебіне қоны төмен малдарды беретіні жөнінде мысалдар келтірді.

Абай атындағы, «Путь коммунизма» колхоздары партия ұйымдарының секретарьлары Асылбеков және Воропаев жолдасар өздерінің сөздерінде Баян, Николаев МТС-терінің жұмысындағы кемшіліктерді сынады.

— Көзір біздің коллектив, — деді Пришим совхозы партия ұйымының секретары Вабаков жолдас, — сентябрь Пленумы қойған міндеттерді жүзеге асыру жолында еселенген жігітпен еңбек етуде, Мал шаруашылығын өркендетудің жылдық жоспары барлық түлік бойынша орындалды. Өгістің көлемі соғыстан бұрынғыдан 5 есе өсті. Алайда, совхоздың жұмысында кемшіліктер де жоқ емес. Мал шаруашылығының өнімділігі әлі төмен, картопты шаршы- үй әдісімен отырғызу совхозта қолданылмай келеді.

КЛЖО аудандық комитетінің секретары Сунтатуллина жолдас конференция делегаттарының жастар арасындағы жұмыстағы кемшіліктер жөнінде айтқан сындарын мойындады. Мұнан кейін ол комсомолға партия басшылығын жақсартудың қажеттігін айтты.

Делегаттар сауда ұйымдарының жұмысын қатаң сыныға алды. Ауданда сауда жұмысы жаңа талаптарға сай ұйымдастырылмай отыр. Көпшілік тұтынуға қажетті товарлар, әсіресе, жылы киімдер көп колхоздарда, совхоздар мен МТС-терде кем сатылады.

Аудандық «Союзпечатьтің» бастығы Степанова жолдас өзінің сөзін баспасөз тарату мәселесіне арнады. Ауданда 1954 жылға газет, журналға жазылудың жайы қанағаттанғысыз. Баспасөз тарату ісіне партия, комсомол ұйымдары қажетті көмек көрсетуге тиіс. Алайда, басқаны айта алардан, ККП аудандық комитетінің аппаратынан газетке небәрі 5 адам жазылды. Ал, аудандық комсомол комитетінің бірде-бір қызметкері газет, журналдарға жазылған жоқ.

Конференцияға қатысушылар делегат Жиенбаев жолдас өзінің сөзін зор зейін қойғандай. Ол аудан партия ұйымында партиялық-саяси жұмысты жақсартудың қажеттігіне тоқталды. Есепті баяндамада, сондай-ақ жарыссөзде сөйлеушілердің сөздерінде шаруашылық жұмыстағы көп еселуі кемшіліктердің беті ашылды, деді шешен. Бұл кемшіліктердің орын алу себептері неде? Меніңше, саяси жұмыстың шаруашылық міндеттермен ұштастырыла жүргізілуінен.

— Аудандық партия комитеті, — деді онан әрі Жиенбаев жолдас, — бастауыш партия ұйымдарын нығайтпайды, жұмысты олар арқылы жүргізбейді.

Жарыссөзде барлығы 29 адам сөз сөйледі.



СУРЕТТЕ: 1. (сол жақта) әнші К. Бейекин. 2. (оң жақта) Преснов аудандық мәдениет үйі коллективінің орындауындағы көркем әдеби монтаждың бір көрінісі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Село жастары көркем өнерпаздарының облыстық байқауына қатысып, республикалық жарысқа қатысуға право алғандар мен таңдаулы көркем өнер коллективтері жуырда республика астанасы Алматыға жүріп кетті.

Облыс көркем өнерпаздарының байқауға дайындаған программасы әржақты. Мәселен, Преснов аудандық мәдениет үйінің хоры байқауда көркем әдеби монтаж қойып көрсетеді. Осы аудандағы Молотов атындағы колхоз хоры «Отанды қорға» және «Дөң астындағы құдық жанында» деген әндерді орындайды.

Соколов ауданының омарташысы колхозшы Старыгин украин халық күйлерін тартады. Мамлюк асыл тұқымды мал совхозының слесарьлары Чекинов пен Паршин магистрардың «Шутка» биін билейді.

Совет ауданынан келген әнші Әбілова «Бейбітшілік сақталады» деген әнді айтады, ал, Әбілова, Молдахметов және Байекин үшеуі қосылып домбырада қазақтың халық күйі «Кеңесті» тартады.

Республикалық байқауға қатысушылар мұмымен бірге басқа да бірқатар номерлерді орындайды.

## Жылқышы әні

Қыс боранда, отарда, ұзақ түнде, Күміс құрық ілінген білегімде. Тура қарап көрі қыс аязына, Жылқы бақтым зор мақсат жүрегімде.

Жерді бүркеп ақша қар, Тұн даланы қалғытар. Жал, құйрығын жел тарап, Тебінде жатыр жылқылар.

Келе алмас маңайлап жылқыларды, Аңдыса да даланың тағы аңдары. Жалықтырмас, тоңдырмас жүрегімді, Жылдай ұзақ қысқы түн, суық зәрі.

Еңбек жыры өлеңім, Жүйрік мініп желемін. Дөп тұрғандай Кремль: Жылқышыма сенемін.

Бейнелеген табысты күнде жеткен, Бақыт жыры естілед төңіректен. Құлын аман, ойнақтап өрбі шауып, Жүз қосылып әр жүзге жылқым өскен.

Еңбек жыры өлеңім Жылқымды айдап келемін. Мен халқымның естимін: Ризамын, дегенім.

Әлі МУСАҚАНОВ.

## Колхозшылар үйлерін жаппай радиоландыру—маңызды іс

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысында колхоздарды ұйымдық шаруашылық жағынан нығайтумен қатар, колхозшылардың материалдық әл-ауқатын барынша көтеріп, олардың мәдени қажетін толық қанағаттандыру қажеттілігі атап көрсетілген.

Колхозшылар үйлерін жаппай радиоландыру Пленум белгілеген бұл міндеттерді орындаудағы маңызды шаралардың бірі болып табылады. Сондықтан да Совет ауданының көптеген колхоздары бұл жұмысқа жете мән беріп, колхозшылар үйлерін жаппай радиоландыру ісінде айтарлықтай табыстарға жетіп отыр. Көзір ауданның 7 колхозында жаңа радиоторабы салынып, жұмысқа қосылды. Сол сыяқты, аудан орталығындағы үлкен радиоторабынан қоршылес колхоздарға радио сымдары тартылды. Осылардың нәтижесінде аудан колхоздарындағы радиоточкалар саны өткен жылдарығандан 4 есе көбейді, Ал, колхоздағы лампалы радиоқабылдағыштар саны 6 есе артты.

астам радиоточканы қамтуға толығынан жетеді. Солай бола тұрса да, бұл колхоздағы радиоландырылған үйлердің саны көзір 30-дан аспайды.

Осы аудандағы Ленин атындағы ауыл шаруашылық артелінің комсомолдері мен жастары бұдан екі жыл бұрын колхозшылар үшін жаппай радиоландыру жөнінде инициатива көтеріп, игілікті істің жаршысы болған еді. Бұл бастама бәйінша колхозшылар үйлерін 1952 жылдың аяғына дейін жаппай радиоландыру үшін нақтылы шаралар белгіленіп, міндеттемелер алынған болатын. Бірақ, жергілікті партия, совет ұйымдары бұл игілікті бастаманың жүзеге асуына нақтылы жағдайлар жасамады. Керек десе, белгіленген шаралардың орындалуын бақылап отырды да естен шығарды.

Аудан колхоздарында осы уақытқа дейін колхозшылар үйлеріне радио, орнату жұмысының өте баяу жүргізіліп отырылуына ең алдымен аудандық тұтынушылар одағы (председетелі Молчанов жолдас) кінәлі. Өйткені, ол колхозшыларды қажетті радиоқабылдағыштармен, репродукторлармен қамтамасыз

## СОВЕТТІК «ХРАБРЫЙ» БУКСИРІНІҢ КАПИТАНЫ Е. И. ЗАЙШНИКОВТЫҢ ХАБАРЫ

«ХРАБРЫЙ» БУКСИРІНІҢ ВОРТЫ. 20 ноябрь. 17 ноябрьде Лондонның бірқатар газеттерінде мен басқарған советтік «Храбрый» буксирлік кемесінің Плимут портында тұрған кезінде, ноябрьдің 12-нен 13-не қараған түнде ағылшынның соғыс десанттық кемелерінің суға батып бара жатқан теңізшілеріне көмек көрсетілмеуі —ис, оның үстіне «Храбрый» буксирі суға батып бара жатқан теңізшілерге прожектор жарығын түсіріп, бірақ, оларды сақтап қалу үшін қайықтар жіберілмеуі деген хабарлар жарияланғандығы маған мәлім болды.

Осыған байланысты мынаны мәлімдеуді өзімнің борышым деп есептеймін: ағылшын газеттері таратқан аталған хабар ойдан шығарылған, ондағы мақсат ағылшын және совет теңізшілері арасында алауыздық тудыруды көздеген болу керек.

Шын жағдай мынадай еді: ноябрьдің 12-нен 13-не қараған түнде Плимут портында тұрған «Храбрый» буксиріне ағылшын теңіз офицері мінген қайық екі рет келді. Ол кемелің капитанына іورتта тұрған бір қайықтың аударылып түскенін, оның ішінде 6 теңізші бар екенін хабарлап, суға батып бара жатқан теңізшілерді буксир арашалап алмады ма деп сұраған.

Ағылшын офицеріне мыналар хабарланды: «Храбрый» буксирінің күзет қызметі аударылып түскен қайықты да және суға батып бара жатқан адамдарды да көрген жоқ; кеме прожекторларының «Храбрый» тұрған ауданға жарық түсіруі ешқандай оқығай болмағандығын көрсетті; сол сыяқты, ешкім көмекке де шақырған жоқ.

Совет теңізшілері апатқа ұшыраған кемелерге әрқашан көмек көрсететіні мәлім. Егер бұл ретте көмек керек болған болса «Храбрый» буксирі команда-сының одан бастартпайтыны сөзсіз.

## БҮКІЛ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БЕЙБІТШІЛІК СОВЕТИ СЕССИЯСЫНЫҢ ҚАРСАҢЫНДА

ВЕНА, 21 ноябрь. (СОТА). Ноябрьдің 23-нен 28-не дейін Венада Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің сессиясы болады. Онда бүкіл адамзат үшін өмірлік өте зор маңызы бар мәселелер жан-жақты талқыланады.

Бұл күндері Венаға жер шарының барлық түшкірлерінен бейбітшілік сүйгіш халықтардың өкілдері сессиясының мінбесінен бейбітшілікті сақтау және ығыайту күресіне деген өзінің мызғымас еркін білдіру үшін келуде.

Венаның еңбекшілері бейбітшілік жолындағы көрнекті күрескерлерді қызу құттықтап, сессияның жемісті жұмыс істеуіне тілектестік білдірді.

Көптеген кәсіпорындарында еңбекшілердің болғалы отырған сессияға арналған митингтері мен жыйналыстары болды. Мұндай митингтер



Калинин атындағы колхоз партия ұйымынан делегат Ерсарина, Аманкелді атындағы колхоз партия ұйымының секретары Әбдірахманов жолдастар кадрларды іріктеп алу, тәрбиелеу мәселелеріне тоқтады.

—Аудандық комитеттің есебінде, — деді Ерсарина жолдас, — әйелдері жоғарылату мәселесі ешбір фактісіз айтылды. Бұл құрғақ сөз. Аудандық комитет әйелдерді, әсіресе, қазақ әйелдерін партия, совет қызметіне жоғарылату ісіне жете көңіл бөлмейді.

Делегат Кияшторный жолдас мал шаруашылығының өнімдерін мемлекетке тапсыру ісіндегі кемшіліктерді айтты. Ол

лыстық комитетінің бюро мүшесі Калинин жолдас қатысып, өз сөйлеп.

Конференция аудандық комитеттің есен берін отырған мерзім ішіндегі жұмысына қанағаттанарлық деген баға берді. Аудан партия ұйымының жұмысын оған әрі жақсартуға бағытталған қаулы алды. Конференция ҚБН аудандық комитетінің құрамын, облыстық партия конференциясына делегаттар сайлады. \* \* \*

Бірінші пленум аудандық комитеттің секретарьлары етіп А. Долженко, Н. Болдубаев, П. Колесников жолдастарды сайлады.

## Қазақстанның мәдениеттік қазыналары

# Қазақ ССР-нің мемлекеттік орталық музейі

Алматының аса көрікті парктерінің бірі — 28 Панфиловы — гвардияшылар атындағы паркте — орыс сәулегі өнерінің сирек кездесетін ескерткіші, әуелім үй алыстан көрінеді. Бұл ХХ ғасырдың басында талантты архитектор А. Зенковтың жобасымен салынған бұрынғы собор. Алматының сейсмикалық жағдайында биіктігі 56 метр ағаш соборын салуды америка инженерлерінің ақылға қонбайтын және орындалмайтын іс деп сананып еске түсіре кетейік. Уақыт орыс архитекторлары есебінің дұрыс екендігін дәлелдеді: 1911 жылы январьда болған аса күшті жер сілкінудің өзі де соборға зиян келтіре алмады.

Кәзір осы тамаша үйде Қазақ ССР-нің мемлекеттік орталық музейі орналасқан. Еңбекшілер мұнда Қазақстанның геологиялық тарихымен, жер бедерімен, өсімдік дүниесімен, жануарлар дүниесімен, ауа райымен танысады. Музей залдарында қазақ халқының өте ерте замандардан кәзіргі күндерге дейінгі тарихын баяндайтын экспонаттар жыйнақталған. Экспозициялар Коммунистік партияның басшылығымен капитализмге соқпастан феодализмнен социализмге тарихта бұрын-соңғы болып көрмеген секіріп өтуде қазақ халқының орасан зор табыстары туралы айқын мәліметтер береді.

Қазақстанның мемлекеттік орталық музейін Орынбор музейінің қорлары негізінде 1881 жылы орыстың атақты ғалымы Даль ұйымдастырған. Музейдің тарихи маңызы зор бағалы қоры бар. Мұнда 40 мыңнан аса экспонат сақталады. Тарихи бөлімінің Совет дәуіріне дейінгі экспозициясында Қазақстан жерінде табылған тас және қола құралдар қойылған. Олар мұнда адам қоғамының өте ерте кезде пайда болғанын баяндайды. Тас дәуірімен мен қола орақтар егіншілік мәдениетінің Қазақстанның оңтүстігінде өте ерте замандардың өзінде болғанын көрсетеді. Алматының төңірегінде, Қарғалы өзенінің жағалауларында табылған, үйсін тайпа-

## Бақша шаруашылығынан мол кіріс

Молотов атындағы колхоз (Соколов ауданы) картоп және оwoць егісінің көлемін жыл сайын арттыра түсуде. Үстіміздегі жылы мұнда 25 гектар жерге картоп және оwoць дақылдары егілген болатын. Бұл дақылдардан колхоз өнім алды. Сөйтіп, оларды колхоз басқарларында сату және мемлекетке тапсыру арқылы колхоз 65 мың сом кіріс тапты.

тарауда сегізінші гвардиялық Панфилов дивизиясының қолға түсірген олжалары қойылған, оларды гвардияшылар музейге сыйлық етіп жіберген. Көптеген документтер, фотографиялар, суреттер, диаграммалар республика еңбекшілерінің гитлершіл айуандарды талқандауға қатысқанын сыйпаттайды. Мұнда түрлі машиналардың макеттері мен үлгілері, Қазақстан өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының өнімі қойылған, олар республиканың соғыстан кейінгі жылдардағы жетістіктерін айқын көрсетеді.

Кәзір музейдің ғылыми қызметкерлері бірсыпыра залдардың экспозицияларын совет ғылымының соңғы мәліметтері негізінде қайта орналастыру және жаңарту жөнінде әзірлік жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Қазақ ССР-нің мемлекеттік орталық музейі — республиканың аса ірі мәдени ағарту мекемелерінің бірі. Ол зор мәдени-бұқаралық жұмыс жүргізіп отырады. Музейге күн сайын оқушылар, Совет Армиясының солдаттары, заводтар мен фабрикалардың жұмысшылары, колхозшылар, түрлі конференциялардың, съездер мен кеңестердің делегаттары экскурсияға келіп тұрады. Туысқан советтік республикалардың өкілдері — музейдің жиі келіп тұратын қонақтары. Мұнда шетел делегациялары талай рет болды. Музейдің залдарында Алматының жас пионерлері жиі-жиі жыйын өткізіп тұрады. Қазақтың мемлекеттік университетінің студенттері мұнда музейлік зерттеу жөнінде практикадан өтеді. Мектептер мен жоғары оқу орындарының мұғалімдері мен оқытушылары, ғалымдар және оқушылар музейде археологияның, тарихтың, геологияның және басқа ғылым салаларының түрлі мәселелері бойынша консультациялар алып отырады.

Қазақ ССР-нің мемлекеттік орталық музейінің пінар кітабы келушілердің жазуына толы. Бұл жазулар совет патриоттарының өзінің социалистік Отанының не болған табыстарына деген мақтаныш сезімін білдіреді.

Бірақ, колхозды ауыл-селоарды радиоландыру жолындағы істелген бұл жұмыстар аудан колхоздарының өз мүмкіншіліктерін әлі де болса толық пайдалана алмай отырғандығын көрсетеді. Ауданда колхозшылардың үйлерін жаппай радиоландыру жөніндегі алған міндеттемелер орындалмады. Бұл міндеттеме бойынша аудан колхоздары жаппай радиоландыру жұмысын үстіміздегі жылдың он айы ішінде аяқтауға тиіс еді. Дегенмен, істің жайы керісінше болып отыр.

Кейбір колхоздардың басшылары колхозшылар үйлеріне радио орнатуды мүлде естен шығарып жүр. Мәселен, «Аралғаш», «Еркіндік», Сталин атындағы колхоздарда бірде-бір радиоточка орнатылмаған. Бұл колхоздардың басшылары колхозшылар үйлерін радиоландыруға қолда бар мүмкіншіліктерді толық пайдалана алмай отыр.

Орталығында радиоторабы бар көптеген колхоздарда да жағдай айтарлықтай емес. Мысалға Молотов атындағы колхозды алайық. Бұл колхоз аудан орталығындағы радиоторабынан өз колхозына радио сымын тарту үшін 13 мың сом қаржы жұмсады. Солай бола тұрса да, кәзір мұнда тек 6 колхозшының үйінде ғана радиоточка бар. Нақ осы сыяқты жағдай «Көктерек» колхозында да кездеседі.

«Путь к коммунизму» колхозы аудандағы ірі колхоздардың бірі. Мұнда салынған радиоторабының қуаты 200-ден

өте алмай отыр. Сондықтан көптеген колхозшылар өз үйлеріне радио орнатуды амалсыздан кейінге қалдыруда.

Сол сыяқты, аудандық байланыс мекемесінің қызметкерлері де радиоторабы бар колхоздарда жиі болып, радиоторабының мүлтіксіз жұмыс істеуі үшін қажетті көмек көрсетуді естен шығарып отыр.

Көптеген колхоз басшылары да колхозшылар үйлерін жаппай радиоландыру ісін ұмытқан. Оған «Совет» колхозы басшыларының ісі мысал бола алады. Бұл колхозда жаңадан салынған радиоторабы бар. Колхоз басшылары осы радиоторабының жұмысына басшылық етуді үнемі жол жүріп тұратын колхоз шофері И. Зелинский жолдасқа жүктеген. Сондықтан да радиоторабы бірқалыпты жұмыс істемейді.

Радио колхозшылардың күн сайын өсіп отырған мәдени тілегін қанағаттандыруда зор роль атқарады. Еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуде, олардың коммунистік құрылыстың ұлы міндеттерін жүзеге асыру күресінде, саяси және өндірістік белсенділіктерін арттыруда радионың алатын орны ерекше. Сондықтан Совет аудандық партия және совет ұйымдары колхозшылар үйлерін жаппай радиоландыруда кездесіп отырған бұл кемшіліктерден тиісті қорытынды шығаруға тиіс.

**М. АРҒЫНБАЕВ,**  
Совет ауданы.

## Редакцияға хат

### Кинофильмдер көрсетілмейді

Октябрь ауданы, «Балуан» ауылшаруашылық артелінің мүшелеріне үстіміздегі жылдың июль айынан бері бірде-бір рет кинофильм көрсетілген жоқ. Кинофильмнің жиі көрсетілуін колхозшылар талай рет талап етті. Бірақ, аудандық кинофикация бөліміндегілер колхозшы шаруалардың бұл заңды талаптарына көңіл аударатын емес. Өйткені,

аудандық кинофикация бөлімінің жұмысына аудандық атқару комитетінің тарапынан бақылау жасамаған. Киномеханиктер барғысы келген колхозына барып, барғысы келмейтініне бармайтын едет етек алуда. Колхозшы шаруаларды киномен қамту жұмысын Октябрь аудандық атқару комитеті қашан жақсартарды?

**М. БАЛАҚМЕТОВ,**

### „Ленин туының“ дабылынан кейін

## „Приешімде сауда жұмысы нашар ұйымдастырылған“

«Ленин туы» газетінің 20 октябрьдегі санында осы тақырыппен жарияланған мақалада Приешім ауданында сауда жұмысын ұйымдастыру ісінде жол берілген кемшіліктер атап көрсетілді.

Бұл мақала аудандық тұтынушылар одағы басқармасының мәжілісінде талқыланып, оған селолық тұтынушылар қоғамдарының председателдері қатысты.

Мақалада көрсетілген фактілер толық анықталды. Аудандық тұтынушылар одағының басқармасы бұл мәселе жөнінде қабылдаған қаулысында селолық

тұтынушылар қоғамдарының басқармалары мәжілістерінде сауда жұмысының жайы жөнінде мәселе қарап, сауда-саттық жұмысын жақсартуға бағытталған шаралар белгілеуді, сол сыяқты, сауда топшалары үшін арнаулы үй бөліп, саутушылардың жұмыс істеуіне қолайлы жағдай туғызуды талап етті.

Еңбекшілердің шағымдарын шешуге жауапсыз қарағаны үшін шайхана меңгерушісі Золотилинге ескерту жасалды.

**В. ЛЮБЫХ,**

Приешім аудандық тұтынушылар одағының председателі.

және олардың митингтер мен жыйналыстар, атап айтқанда, Зиммерингтегі газ заводында, Винтерхафен портында және басқа кәсіпорындарында болды.

Австрияның еңбекшілері бұл жыйналыстар мен митингтерде халықаралық шиеленістерді бөсеңдетуді, жаппай қырғынға ұшырататын қаруларды сөзсіз тоқтатуды, шетел жерлеріндегі соғыс базаларын жоюды және басқаларын ба- тыл талап етті.

## ИРАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ

ТЕГЕРАН, 22 ноябрь. (СОТА). Иран газеттерінің хабарларына қарағанда, соғыс соты полицияның бас басқармасының бастығы Афшартусты атып өлтірді деген айып тағылған 14 адамды ақтаған.

## ЖАПОНИЯДАҒЫ АМЕРИКАН ҚАРУ-ЖАРАҚ ҚОЙМАСЫНДАҒЫ ЖАРЫЛУ

ШАНХАЙ, 21 ноябрь. (СОТА). Алынған хабарларға қарағанда, америка әскерлерінің Жапонияның Хоккайдо аралындағы ірі қару-жарақ қоймасында бүгін күшті жарылу болған. Жарылу себептері әлі белгісіз.

## ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ ТАЛАБЫ БОЙЫНША

ПАРИЖ, 21 ноябрь. (СОТА). «Юманите» газеті жұртшылықтың қысым жауы бойынша «мемлекет жауіпсіздігіне қас тандық жасағаны үшін» деп айыпталып, түрмеге отырғызылған 9 демократты босату жөнінде Алжир шағым сотының тергеу палатасы қарар шығарғанын хабарлады. Босатылғандардың ішінде Алжир компартиясының Орталық Комитетінің мүшесі Абдельхамид Будаф, француз солдаттары Клод Леконт, Зампийн, Воше және басқалары бар.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

## Киноларда

### «УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

#### «ДҮШПАНДАР»

Сеанстар (1-сериясы) сағат 4,30-8,10, (2-сериясы) 6,30-10-да басталады.

### «ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

#### «КҮМІС ТҮСТІ ТОЗАҢ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сәйлесуге болады.